

әр топтағы оқушылар саны 10-12-ден кем болмаған жағдайда 5-11 сыныптардың дене тәрбиесі сабағында ер балалар мен қыз балалар бөлек оқытылсын;

арнайы дәрігерлік топқа жатқызылған оқушылар үшін дене тәрбиесінен міндетті сабақтар өткізілсін;

дене тәрбиесінен сыныптан тыс жұмыстар, таңертеңгілік бой сергітулері, "Дене шынықтыру үзілістері", "Дене шынықтыру минуттері" және "Қимыл-қозғалыс үзілістері" мектептердің күн тәртібіне енгізілсін.

Кәсіптік-техникалық мектептерде, колледждер мен лицейлерде оқытудың барлық кезеңдерінде аптасына 4 сағаттан кем болмайтын көлемде міндетті дене тәрбиесі сабақтарын өткізу қамтамасыз етілсін.

2) жоғары оқу орындарында:

оқытудың бүкіл кезеңі бойына аптасына 4 сағаттан кем болмайтын көлемде міндетті дене тәрбиесі сабақтарын өткізу қамтамасыз етілсін, оқытудың барлық кезеңіндегі әрбір семестрде дене тәрбиесі бойынша дифференциялық сынақтар алу енгізілсін.

3. Жалпы орта білім департаменті (Ж.А.Қараев), Бастауыш және орта кәсіптік білім департаменті (Қ.А.Лекер) және "Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны (А.Қ. Құлназаров):

балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің жүйесін дамыту бойынша жұмыстарды жалғастырсын;

спорттағы дарынды балалар үшін мектеп-интернаттар, спорттық резерв пен спорттың олимпиадалық түрлері бойынша сынақтан өтетін командаларды даярлау орталықтарын ашу жөнінде ұсыныс енгізілсін;

екі жылда бір рет (2002 жылдан бастап) оқушылардың республикалық жазғы Спартакиадасын, екі жылда бір рет (2003 жылдан бастап) оқушылардың республикалық қысқы Спартакиадасын өткізуді қамтамасыз етсін;

балалар мен жасөспірімдер арасындағы "Жұлдызша", "Былғары доп", "Алтын шайба", "Үміт старттары", сонымен бірге ұлттық спорт түрлері (тоғыз құмалақ, қазақша күрес және басқа) бойынша көпшілік қатынасатын жарыстарды өткізу қайта жандандырсын;

көпшілікті қамтитын "Шаңғы жолдары шақырады" және "Көктемгі және күздегі жеңіл атлетикалық кросс" жарыстарын өткізуді қайта жандандырсын;

бастауыш және орта кәсіптік білім беретін оқу орындары оқушыларының арасында қысқы және жазғы спорт фестивальдерін жыл сайын өткізуді қалпына келтірсін.

4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім департаменті (Б.С.Әбдірәсілов), "Ұлттық ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығы"

Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны (А.Қ.Құлназаров):

Республикалық студенттер универсиадасын екі жылда бір рет өткізуді
қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

жоғары оқу орындарында спорттық клубтарды құру шараларын қабылдасын;

Қазақстан Республикасының спортшы-студенттерінің Бүкіл дүниежүзілік қысқы және жазғы Универсиадалары, сондай-ақ Халықаралық студенттер спорт одағынан ұйымдастыратын халықаралық жарыстарға қатысуларын қамтамасыз етсін.

5. Бюджет жоспарлау және қаржы департаменті (Т.А.Нұрғожаева) жыл сайын 1 қыркүйекке дейін Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру іс-шараларын қаржыландыру көзін анықтау жөніндегі ұсыныстарды енгізсін.

6. Жалпы орта білім департаменті (Ж.А.Қараев) осы бұйрықты заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым бірінші вице-министрі Ғ.Мұтановқа жүктелсін.

М и н и с т р д і ң м і н д е т і н

атқарушы